| | | **7,197,053** | **6,391,787** |
| **Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер** | | | |
| Пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв | | (380,220) | (320,623) |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 20 | (62,612) | (64,572) |
| | | **(442,832)** | **(385,195)** |

#### Әділ құн

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың теңгерімдік құнына тең.

### (б) Несиелік тәуекел

Несие тәуекелі — бұл қаржы құралы бойынша сатып алушы немесе контрагенттің келісім-шарттық міндеттемелерін орындауымен болатын Компанияда қаржы шығынының туындау тәуекелі. Бұл тәуекел негізінен Компанияның өзге қаржылық активтер, сауда және басқа да дебиторлық берешекке және ақшалай қаражатқа байланысты.

Қаржы активтерінің теңгерімдік құны несиелік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы белгісі бола алады. 31 желтоқсандағы несиелік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы белгісі төмендегідей:

| мың теңге | 2021 | 2020 |
|---|---|---|
| Өзге қаржылық активтер | 10,233 | 12,994 |
| Сауда және өзге дебиторлық берешек | 18,422 | 28,784 |
| Банк депозиттері | 6,981,868 | 6,155,392 |
| Ақша қаражаты (кассадағы ақшадан басқа) | 185,826 | 190,120 |
| | **7,196,349** | **6,387,290** |

#### Өзге қаржылық активтер

Өзге қаржылық активтер қосымша электр қуаты туралы келісім-шарт бойынша берілген қарыздарымен сипатталанады. Компания осы несиелер бойынша жалпы несиелік тәуекел Компанияның бөлінген қорларынан аспауы үшін талдау жүргізеді.

Компанияның несиелік тәуекелге бейімділігі тек Қазақстандағы дебиторларға қатысты.

Компания өзге қаржылық активтері үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды. Есепті күнге өзге қаржылық активтерінің құнсыздануына арналған ықтимал резерв елеусіз болды.

#### Сауда және өзге дебиторлық берешек

Компанияның несиелік тәуекелге бейімділігі негізінен әрбір сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты болады. Бұл сауда дебиторлық берешек бөліп төлеу шарты бойынша жұмыс істейтін сатып алушыларға жатады. Компания күмәнді қарыздарды азайту үшін дебиторлық берешекті тұрақты түрде бақылайды.

Компанияның несиелік тәуекелге бейімділігі толықтай Қазақстандағы сатып алушыларға қатысты.

TRANSLATED

## 21. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты, жалғасы

Компания дебиторлық берешектің құнсыздануына бағалау резервін жасайды, ол күтілетін кредиттік шығындардың көлемінің есептік бағалауын білдіреді. Бұл ретте 9 айға дейінгі өтеу мерзімі өткен дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған ықтимал резерв елеусіз болды. 31 желтоқсандағы пайда болу мерзімі бойынша сауда берешегі

| мың теңге | Барлығы | Болжалды залал пайызы | Құнсыздану |
|---|---|---|---|
| **2021** | | | |
| Мерзімі өтпеген | 8,020 | 0.0% | – |
| 90 күнге дейін мерзімі өткен | 5,065 | 0.0% | – |
| 91-180 күн дейін мерзімі өткен | 47 | 0.0% | – |
| 180-270 күн дейін мерзімі өткен | 534 | 0.0% | – |
| 270 күннен астам мерзімі өткен | 64,851 | 92.7% | 60,095 |
| | **78,517** | **76.5%** | **60,095** |
| **2020** | | | |
| Мерзімі өтпеген | 7,549 | 0.0% | – |
| 90 күнге дейін мерзімі өткен | 4,852 | 0.0% | – |
| 91-180 күн дейін мерзімі өткен | 413 | 0.0% | – |
| 180-270 күн дейін мерзімі өткен | 180 | 0.0% | – |
| 270 күннен астам мерзімі өткен | 72,688 | 78.0% | 56,898 |
| | **85,682** | **66.4%** | **56,898** |

### Ақша қаражаты және банк депозиттері

Ақша қаражаты мен банк депозиттеріне қатысты кредиттік тәуекелді компания басшылығы компанияның саясатына сәйкес қадағалап, бақылайды. Бос ақша қаражаты белгіленген шектерде Moody's «B1» кредиттік рейтингі бар қазақстандық банктерде «Aa3» дейін орналастырылған. Бұл саясат кредиттік тәуекелдің шоғырлануын төмендетуге және банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамаған кезде ықтимал қаржылық ысыраптарды барынша азайтуға бағытталған.

| мың теңге | 2021 | 2020 |
|---|---|---|
| Рейтингтері «Aa1»-тан «Aa3»-қа дейін | 1,962,299 | 1,883,015 |
| Рейтингтері «Baa1»-тан «Baa3»-қа дейін | 5,033,477 | 4,233,195 |
| Рейтингтері «B1»-тан «B3»-қа дейін | 171,918 | 229,302 |
| | **7,167,694** | **6,345,512** |

Компания банк депозиттері бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалайды. Есепті күнге банк депозиттерінің құнсыздануына арналған ықтимал резерв елеусіз болды.

### (в) Өтімділік тәуекелі

Компания өтімділік тәуекелін болжанған ақшалай қаражат ағындарын қадағалау арқылы басқарады және активтерді бөліп-бөліп сатып алу арқылы одан әрі қаржыландыру және икемділік арасындағы теңгерімді сақтайды.

TRANSLATED

## 21. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты, жалғасы

### Қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімдері

Төмендегі кестеде есептік күн мен келісімдік өтеу күні кезеңдеріне негізделген өтеу мерзімі бар тиісті топтардағы жиынтық негізде өтелетін Компанияның қаржылық міндеттемелерінің талдауы көрсетілген:

| мың теңге | 3 айдан кем | 3 айдан 12 айға дейін | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **2021** | | | |
| Пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв | 14,224 | 365,996 | 380,220 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 12,050 | 50,562 | 62,612 |
| | **26,274** | **416,558** | **442,832** |
| **2020** | | | |
| Пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв | 25,955 | 294,668 | 320,623 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 17,009 | 47,563 | 64,572 |
| | **42,964** | **342,231** | **385,195** |

### (г) Баға тәуекелі

Компания қызметтерді сатқаннан кейін олардың бағасын өзгертуге түзетусіз келісімшарттар жасасады және ол нарықтық тәуекелге ұшырамайды.

### (ғ) Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі

Компанияда өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдары жоқ және ол пайыздық мөлшерлеме тәуекеліне бейімді емес.

### (д) Валюта тәуекелі

Компания функционалды валютадан өзгеше валютадағы операцияларды жүргізген кезде валюталық тәуекелге бейімді.

Компанияның валюталық тәуекелге бейімділігі төмендегідей болды:

| мың теңге | АҚШ доллары | Евро | Барлығы |
|---|---|---|---|
| **2021** | | | |
| Банк депозиттері | 3,360,425 | – | 3,360,425 |
| Ақша қаражаты | 125,218 | 10 | 125,228 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | (116) | (24) | (140) |
| | **3,485,527** | **(14)** | **3,485,513** |
| **2020** | | | |
| Банк депозиттері | 4,727,500 | – | 4,727,500 |
| Ақша қаражаты | 69,074 | 22 | 69,096 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | (34) | (25) | (59) |
| | **4,796,540** | **(3)** | **4,796,537** |

TRANSLATED

## 21. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты, жалғасы

### Сезгіштікті талдау

31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының келесі валюталарға қатысты 20%-ға әлсіреуі салық салудан кейін кірістің төменде көрсетілген сомаға ұлғаюына әкеп соқтырар еді. Бұл талдау барлық басқа айнымалылар өзгеріссіз қалады деп болжайды.

| мың теңге | 2021 | 2020 |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | 697,105 | 959,308 |
| Евро | (3) | (1) |

31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының келесі валюталарға қатысты 20%-ға әлсіреуі салық салудан кейін кірістің төменде көрсетілген сомаға ұлғаюына әкеп соқтырар еді. Бұл талдау бойынша барлық басқа айнымалылар өзгеріссіз қалады.

### (е) Капиталды басқару

Капиталды басқарудағы Компанияның негізгі мақсаттары үздіксіз негізде Компанияның шаруашылық қызметін сақтау және қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ, капиталдың оңтайлы құрылымын сақтау арқылы жеке меншік иелері мен басқа мүдделі тараптардың сенімділігін арттырады.

Компания капиталды басқарудағы қаржы тұтқасы коэффициентін 40% шегінде сақтау арқылы жүзеге асырады.

## 22. Шартты және әлеуетті міндеттемелер

### (а) Қазақстандағы салық салудағы шартты міндеттемелер

#### Салық заңнамасын түсіндірудегі белгісіздік

Компания өзінің салық міндеттемелеріне байланысты белгісіздікке бейім. Қазақстандағы салық заңнамасы мен салық практикасы үздіксіз жетілдіріліп отырады және сондықтан ретроспективті түрде қолданылуы мүмкін өзгерістер мен түрлі түсіндірулерге бейім.

Компания басшылығының заңнаманы Компанияның мәмілелері мен қызметін түсіндіруі салық органдарын түсіндірмелерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Нәтижесінде, мәмілелер мен операциялар тиісті салық органдары тарапынан наразылық тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі ықтимал Компаниядан қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды өндіріп алуға әкелуі мүмкін.

#### Қосымша салық салу кезеңі

Қазақстандағы салық органдары тиісті салық кезеңінің аяқталуынан кейінгі үш немесе бес жыл ішінде қосымша салықтарды өндіріп алуға құқылы. Салық заңнамасында көзделген жағдайларда бұл мерзім үш жылға ұзартылуы мүмкін.

#### Ықтимал қосымша салық міндеттемелері

Басшылық Компанияның Қазақстанда қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына, сондай-ақ оның қызметіне әсер ететін шарттардың салықтық шарттарына сәйкес келетінін және сондықтан да қосымша салық міндеттемелері туындамайтындығына сенеді. Соған қарамастан, жоғарыда айтылған себептер бойынша, тиісті салық органдарының келісімшарттық ережелер мен салық заңнамасының талаптарын басқаша түсіндіру қаупі сақталады.

Нәтижесінде қосымша салық міндеттемелері туындауы мүмкін. Алайда, жоғарыда сипатталған кез-келген белгісіздік салдарынан ықтимал қосымша салық міндеттемелерін есептеу кезінде, басшылық салықтық міндеттемелердің қаржылық әсерін, сондай-ақ Компанияның төлеуге міндетті айыппұлдар мен өсімпұлдарды бағалауы орынсыз.

### (ә) Сақтандыру

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы даму сатысында, ал басқа елдерде кеңінен таралған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда әлі де қол жетімді емес. Қолданыстағы сақтандыру елеулі шығындар болған жағдайда толық өтемді қамтамасыз етпейді.

TRANSLATED

## 22. Шартты және әлеуетті міндеттемелер, жалғасы

### (б) Соттық қуынымдар

Әдеттегі қызмет барысында Компанияға қарсы соттық қуынымдар орын алуы мүмкін. Басшылық осындай әрекеттер мен талаптардан туындайтын түпкілікті жауапкершілік, егер болса, Компанияның қаржылық жағдайына және нәтижелеріне әсер ететін жағымсыз салдарға әкеп соқтырмайды деп санайды. 2021 жылдың 31 желтоқсанына Компания қандай да бір елеулі сот ісін жүргізуінде қатысқан жоқ.

## 23. Байланысты тараптармен жасалған операциялар

Байланысты тараптар мыналарды қамтиды:

- Негізгі басшылар;
- Акционерлер;
- Жалпы бақылаудағы компаниялар;
- Өзгелер. Өзгелерге Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетімен және Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерімен өзара есеп айырысулар жатады.

### (а) Басшылық сыйақысы

Негізгі басшылар алған сыйақылар жалпы әкімшілік шығыстар құрамында жалақы бойынша шығыстарға енгізілді (6-ескертпені қараңыз) және 441,275 мың теңгені құрады (2020: 429,212 мың теңге).

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленген сыйақылар 2,562 мың теңгені (2020: 2,700 мың теңге) құрады.

### (ә) Байланысты тараптармен жасалған операциялар

| мың теңге | Акционерлер | Жалпы бақылаудағы компаниялар | Өзгелер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| **2021** | | | | |
| Гранттар, шәкіртақы және басқа да түсімдер | 7,776 | 15,647 | 15,418 | 38,841 |
| Байланысты тараптарға басқа сатулар | – | – | 1,533 | 1,533 |
| Байланысты тараптардан сатып алу | – | (61,701) | – | (61,701) |
| Байланысты тараптардың берешегі | – | 77 | – | 77 |
| Байланысты тараптарға берешек | (48) | (40,702) | (1,505) | (42,255) |
| **2020** | | | | |
| Гранттар, шәкіртақы және басқа да түсімдер | 16,057 | 2,320 | 6,285 | 24,662 |
| Байланысты тараптардан сатып алу | – | (15,291) | – | (15,291) |
| Байланысты тараптардың берешегі | – | 77 | – | 77 |
| Байланысты тараптарға берешек | (7,824) | (60,568) | (60) | (68,452) |

2021 жылғы және 2020 жылғы 31 желтоқсанға компанияда байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануына резервтер жоқ. Компанияда байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануына шығындар болған жоқ (2020: нөл).

### (б) Байланысты тараптармен жасалған операциялардың шарттары

Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың бағасының жасалуы операция сипатына қарай тұрақты негізде анықталады.

TRANSLATED

## 24. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания келесі негізгі есеп саясатын дәйекті түрде қолданды.

### (а) Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасындағы операциялар Компанияның функционалдық валютасына осы операцияларды жүргізу күніндегі айырбастау бағамы бойынша аударылады. Есептік күндегі шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есептік күнде әрекет еткен айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құн анықталған күні, ал операция жасалған күнгі тарихи құн бойынша бағаланған бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады. Операция жасалған күнгі бағам бойынша қайта есептеу, сондай-ақ есептік күндегі бағам бойынша ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу кезіндегі айырбастау бағамдары кіріс пен шығыс туралы есепте көрсетіледі.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында келесі валюта бағамдары қолданылды:

| | 2021 | | 2020 | |
|---|---|---|---|---|
| | Жыл соңы | Орташа | Жыл соңы | Орташа |
| АҚШ доллары | 431.67 | 426.03 | 420.91 | 412.95 |
| Евро | 487.79 | 503.88 | 516.79 | 471.44 |
| Фунт стерлинг | 580.90 | 586.25 | 574.88 | 529.91 |

### (ә) Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

#### Мойындау және есеп жүргізу

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар нысандары жинақталған тозу мен құнсызданудан болған шығындарды шегеруден кейінгі сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

Құн құрамына активті сатып алуға тікелей байланысты шығындар кіреді. Шаруашылық тәсілмен жасалған немесе салынған активтердің құнына материалдар мен тікелей жұмыс күшінің құны, активті қолдану мақсатында жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез-келген басқа шығындар, сонымен қатар, заттарғы демонтаж және жоюға, қолданыстағы аланды қалпына келтіруге және қарыздар қатысты шығындар мен қарыздар бойынша капиталданған шығындар жатады. Тиісті жабдықтың функционалды ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынатын бағдарламалық жасақтама осы жабдықтың құнына капиталдандырылады.

Егер жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құрамы әртүрлі пайдалы қызмет мерзімінен тұратын жекелеген құрамдас бөліктерден тұрса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жекелеген нысаны (маңызды құрамдас бөлігі) ретінде есепке алынады.

Негізгі жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысанының шығып қалуы кезіндегі табыс немесе шығынның кез-келген сомасы оның теңгерімдік құнымен шығып қалудағы түсімді салыстыру арқылы анықталады және таза табыстың немесе шығын құрамында «басқа кірістер» немесе «басқа шығындар» жолында нетто-негіз ретінде танылады.

#### Кейінгі шығындар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың бір бөлшегін (елеулі құрамдас бөлігін) ауыстыруға байланысты шығындар, егер Компанияда осы бөлікке байланысты болашақта экономикалық пайдаға ие болу ықтималдылығы жоғары болса және оның құнын сенімді түрде анықтай алса, осы нысанның теңгерімдік құнын ұлғайтады. Ауыстырылған бөлшектің теңгерімдік құны шығынға жазылады. Негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеуге және күтіп ұстауға жұмсалатын шығындар пайда болған уақытта кіріс пен шығыстарда көрсетіледі.

#### Тозу

Тозу активтің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде оның қалдық құнына дейінгі біркелкі тәсіл арқылы есептеледі. Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі:

- ғимараттар мен құрылыстар 25-50 жыл;
- машиналар мен жабдықтар 5-15 жыл;
- көліктер 7-10 жыл;
- өзге 4-17 жыл;

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі мен қалдық құны әрбір есептік күнге қайта қаралады.

TRANSLATED

## 24. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

### (б) Бейматериалды активтер

Бейматериалды активтер — бұл, негізінен, Компанияның шектеулі мерзімі бар бағдарламалық жасақтамасы, және жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі (сатып алу құны және оны мақсатты пайдалану үшін активті дайындауға тікелей байланысты кез-келген шығындарды қамтитын) құн бойынша есепteлінеді.

#### Амортизация

Бейматериалдық активтердің пайдалы қызмет мерзімі 2 жылдан 10 жылға дейін. Амортизация барлық пайдалы қызмет мерзімі ішінде біркелкі тәсіл бойынша есептеледі.

### (в) Құнсыздану

Құнсызданудың бар болуын тексеру үшін ұзақ мерзімді активтердің теңгерімдік құнын талдау оқиғалар немесе жағдаяттардың өзгеруі олардың теңгерімдік құны өтелмейтіндігі туралы ықтималдылықты дәлелдегенде жүргізіледі. Құнсыздану белгілері болған жағдайда активтердің теңгерімдік құны оларды өтейтін құнынан асатынын анықтауға мүмкіндік беретін бағалау жүргізіледі. Мұндай талдау өз алдына ақша түсімдерін әкелетін активтерді санамағанда әрбір активке жеке жүргізіледі. Осындай жағдайда талдау ақша түсімдерін әкелетін бөлімше деңгейінде жүргізіледі.

Егер активтің немесе ақша түсімдерін әкелетін бөлімшенің теңгерімдік құны оны өтейтін құннан асса, активті аз құнымен көрсететін резерв құрылады. Құнсызданудан болған шығындарды (шығындар) қалпына келтіру кіріс пен шығыста танылады.

#### Өтелетін соманы есептеу

Активтің өтелетін құны сатуға кеткен шығындарды шегере отырып, оны пайдаланудың құндылығының ең үлкен шамасы мен активтің әділ құны ретінде анықталады. Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде болжанған келешектегі ақша ағындары осы активке тән тәуекелдер мен ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды қамтитын салық салуға дейін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өз алдына ақша түсімдерін әкелмейтін активтердің құны ақша түсімін әкелетін бөлімшенің өтелетін құнының құрамында анықталады.

#### Құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру

Құнсызданудан болған бұрын танылған шығын өтелетін соманы анықтаудағы бағалауда өзгерістер болса қайта қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған шығын, егер құнсызданудан болған шығын танылмай, активтің теңгерімдік құны тозу немесе амортизацияны шегеру арқылы анықталған теңгерімдік құннан аспайтын деңгейде ғана қалпына келтіріледі.

### (г) Босалқылар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең аз мөлшері бойынша анықталады: өзіндік құны немесе сатудың таза бағасы. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны орташа өлшемделген тәсіл бойынша анықталады және оның құрамына тауар-материалдық қорларды сатып алу, шығару немесе қайта өңдеу шығындары, сондай-ақ, қорды қазіргі орнына жеткізу және тиісті жай-күйді қамтамасыз ету шығындары кіреді. Сатудың таза бағасы қорларды өндіруді аяқтау мен сатуға кеткен шығындар шегеріліп, мекеменің әдеттегі қызметі кезінде тауар-материалдық қорларды сатудың болжанған (есептік) бағасы болып табылады.

### (ғ) Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек болжанған несиелік шығындарды шегере отырып, ұсынылған шоттың сомасымен танылады және пайыздар кірмейді. Егер соманы өтеу мүмкін болса, күтілетін кредиттік шығындар бағалау резервінің шотында танылады. Олай болмаған жағдайда дебиторлық берешектің баланстық құны есептен шығарылады.

Дебиторлық берешекке қатысты есеп саясаты «Қаржы құралдары» бөлімінде қаралады.

TRANSLATED

## 24. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

### (д) Ақша қаражаты

Ақша қаражатына банктердегі талап бойынша қол жетімді және құн өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшыраған ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша кіреді.

### (е) Жалгерлік

#### Компания жалға беруші ретінде

Компания жалға беруші ретінде ғимараттар және құрылыстар құрамындағы активтер бойынша жалгерлік шарттарын жасайды Егер жалгерлік шарттарына сәйкес барлық тәуекелдер мен пайдалар жалға берушіге айтарлықтай дәрежеде өтпесе, жалгерлік операциялық болып топталады.

Операциялық жалгерліктен түскен жалгерлік табыс жалгерліктің толық мерзімі ішінде тура тәсілмен танылады. Операциялық жалгерлікті ұйымдастыру бойынша бастапқы тікелей шығындар жалға берілген актив құнына кіріп, жалгерлік мерзім ішінде амортизацияланады.

### (ж) Зейнеткерлік міндеттемелер

Компанияда жұмыс берушіден және қызметкерден жалақыдан белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелген ағымдағы шегерімдерді талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, қосымша зейнетақы жоспарлары жоқ.

### (з) Табыстар

Тауарларды сату немесе қызмет көрсету («активтер») келісім-шартына отырғанда, Компания сатып алушымен отырған шарт бойынша уәделенген активті бағалайды, және өзге болған активті немесе біркелкі болған және сатып алушыға біркелкі үлгіде берілетін бірқатар өзге активтерді сатып алушыға беретін әр уәдені орындайтын талап ретінде анықтайды.

#### Қызмет көрсету

Табыс қызмет көрсетілген кезеңде танылады.

Табыс уақыт кезеңі бойынша танылу үшін келесі көрсетілген белгілердің кез-келгені орындалуы тиіс:

- сатып алушы Компанияға жүктелген міндетті орындаған сайын сол уақытта пайданы алады және тұтынады;
- Компанияға жүктелген міндетті орындау барысында актив жасалады немесе жақсартылады және ол активті басқаруды сатып алушы актив жасалған немесе жақсартылған сайын алады;
- Компания өз міндетін орындауы кезінде баламалы мақсаттарға қолданылатындай активтің жасалуына алып келмейді, дегенмен Компания сол уақытқа дейін жасалған келісім-шартқа сәйкес жұмысқа төлем алуға заңды түрде қорғалатын құқығына ие.

Басқа жағдайда қызмет көрсетуден түскен табыс белгілі бір кезде танылады.

#### Қаржыландыру компоненті

Компанияда тауар сату/қызмет көрсету және төлеу кезеңдері бір жылдан асатын келісімшарттары жоқ. Соның салдарынан сату құны ақшаның уақытша құнына түзетілмейді.

### (и) Табыс салығына байланысты шығындар

Табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы табыс салығы мен кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы бойынша шығындар капиталда танылған операцияларға жататын бөлікті қоспағанда, кірістер мен шығыстарда танылады, бұл жағдайда ол сондай-ақ капиталда танылады.

Ағымдағы табыс салығы – салық салынатын пайдаға қатысты төленетін салық сомасы, сондай-ақ өткен жылдардағы табыс салығын төлеу бойынша міндеттеме сомасына барлық түзетулер.

Кейінге қалдырылған салық қаржы есептемесі мен салық салу мақсаттары үшін пайдаланылған сомалар бойынша активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды анықтау арқылы баланстық әдіспен анықталады.

TRANSLATED

## 24. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Компания әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға жататындығына байланысты Компания басшылығы кейінге қалдырылған салықты құптамайды. Қазақстанның салық заңнамасына сәйкес, Компания бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде, егер әлеуметтік салада қызметін жүзеге асырушыдан кірістер өтеусіз алынған мүлік, депозиттер бойынша сыйақы түріндегі кірістерді, сондай-ақ осындай кірістер бойынша туындаған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуін ескере отырып, Компанияның жылдық жиынтық табысының кемінде 90%-ын құраса, есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға азайтады.

### (к) Қаржы құралдары

Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелері құрал бойынша келісімнің тарабы болған кезде, олар Компанияның қаржы жағдайы туралы есепте танылады.

#### Қаржылық активтер

**Бастапқы тану және бағалау**

ҚЕХС 9-ның қолданылу аясына жататынқаржы активтері тиісінше кірістер немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын амортизацияланатын құн бойынша ескерілетін қаржы активтері ретінде жіктеледі. Компания қаржы активтерін қаржылық активтерді басқарудың бизнес-моделіне және ақша ағындарының шарттық міндеттемелеріне байланысты бастапқы тану кезінде жіктейді.

Егер ақша ағындары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «тек қана борыштың және проценттердің негізгі сомасының есебіне жатқызылған төлемдер» болып табылса, қаржы активі амортизацияланатын құн бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеледі және бағаланады. Ақша ағындары «ақша ағындары» өлшеміне сай келмейтін қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржы активтері алынған сыйақы болып табылатын әділ құн бойынша, оған қоса мәміле бойынша олармен тікелей байланысты шығындар бойынша бағаланады. Бастапқы тану кезіндегі кез келген кірістер немесе шығындар кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

**Кейінгі бағалау**

Амортизацияланатын құны бойынша жіктелген қаржы активтері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін (бұдан әрі – «ТПМ») пайдалана отырып ескеріледі. Амортизацияланатын құн дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ сатып алу кезіндегі комиссияларды ескере отырып есептеледі. Номиналды және амортизацияланатын құн арасындағы айырманың амортизациясы кірістер мен шығыстар туралы есепте қаржылық кірістер құрамында танылады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгерістері кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

**Тануды тоқтату**

Қаржы активін тануды тоқтату Компания осы активті қамтитын шарт бойынша құқықтарды бақылауды жоғалтқан кезде жүзеге асырылады. Бұл құқықтар орындалған, мерзімі өткен немесе берілген кезде болады.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Компания амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінен туындауы мүмкін күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды. Бұл бағалау нәтижесінде контрагент келісімшарттық міндеттемелерге сәйкес соманы төлей алмайтын оқиғалардың туындау ықтималдығын қамтиды.

Күтілетін кредиттік шығындар амортизацияланатын құн бойынша ескерілетін қаржы активтерінің мерзімі ішіндегі ықтимал оқиғалар үшін есептеледі. Дебиторлық берешек амортизацияланатын құн бойынша ескерілмеген және бастапқы танылған сәттен бастап осы қаржы активінің кредиттік тәуекелінде елеулі өзгерістер болмаған жағдайларда, күтілетін кредиттік шығындар есепті күннің 12 айы ішінде мүмкін болатын оқиғалар үшін есептеледі.

#### Қаржылық міндеттемелер

**Бастапқы тану және бағалау**

ҚЕХС 9-ның қолданылу аясына жататын қаржылық міндеттемелер тиісінше кірістер немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын және амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін бастапқы тану кезінде жіктеуді айқындайды.

TRANSLATED

## 24. Қаржылық есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда төленген сыйақы болып табылатын әділ құн бойынша танылады. Амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер мәміле бойынша олармен тікелей байланысты шығындарды қамтиды.

**Кейінгі бағалау**

Сауда және өзге де кредиторлық берешек ЭПС(ТПС) әдісін пайдалана отырып, амортизацияланатын құн бойынша бағаланады. Амортизацияланатын құн дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ сатып алу кезіндегі комиссияларды ескере отырып есептеледі. Номиналды және амортизацияланатын құн арасындағы айырманың амортизациясы қаржылық шығыстар құрамында кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

Кірістер немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгерістері кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

**Тануды тоқтату**

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай өзгеше шарттардағы басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе қолда бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

### Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға, ал нетто-сома танылған сомаларды өзара есепке алуға жүзеге асырылатын заңды құқығы, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу жүргізу не активтерді сату және міндеттемелерді бір мезгілде өтеу ниеті болған кезде ғана қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуға жатады.

### Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықта саудаланатын қаржы құралдарының әділ құны транзакциялық шығыстарға түзетулерсіз белгіленген бағалар негізінде айқындалады. Белсенді нарықта сатылмайтын қаржы активтерінің әділ құны бағалаудың қолайлы әдістерін пайдалана отырып айқындалады. Мұндай әдістерге соңғы нарықтық транзакцияларды пайдалану, ұқсас құралдың ағымдағы әділ құны, дисконтталған ақша ағындары және басқа бағалау әдістері кіруі мүмкін.

## 25. Есептік күннен кейінгі оқиғалар

### Украина аумағында Ресей операциясы

24 ақпанда басталған Ресейдің Украинадағы арнайы әскери операциясы Батыс елдерінің Ресейге қарсы экономикалық санкцияларын бұрын-соңды болмаған күшейтуіне себеп болды. Бұл жағдайлар Ресей рублінің айтарлықтай құбылмалылығына алып келді және теңгеге әсер етті. Мәселен, 16 наурызда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 512.19 теңгеге/АҚШ долларына жетті (жыл басынан бері 18.7%-ға өсті). Қаржылық есептілікті бекіту күніне бағам 494.16 теңге/АҚШ долларын құрады.

Әскери операцияны жалғастыру және батыс елдерінің Ресейге қарсы экономикалық санкцияларын одан әрі қатайтуы Қазақстан экономикасына және Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін.

### Құнды металл шотын ашу

2022 жылдың наурызында Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да жалпы сомасы 683,100 мың теңге құрайтын аллокирленбеген алтын металл шот ашты.

TRANSLATED